

FTAMP 03.29.00; 03.41.91

<https://doi.org/10.26577/JH.2021.v102.i3.05>Серхан Чынар* , Абдуллах Гүндөгду 

Анкара университеті, Түркия, Анкара қ.

*e-mail: serhancinar@mail.ru

ОСМАНЛЫ ТАРИХИ ТӨЛҚҰЖАТТАРЫНДА ДЕШТІ ҚЫПШАҚ АУМАҒЫ ЖӘНЕ САРАЙШЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ

Қазақстанның негізін қалаушы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың нұсқауына сәйкес, «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында шетелдік архивтерде сақталатын Қазақстан мен қазақ тарихына қатысты дереккөздерді мұрағаттардан жинау және ғылыми айналымға енгізуге бағытталған «Архив-2025» жобасы басталды.

Бұл жұмыста «Архив-2025» жобасы аясында Османлы дәуірінің мұрағаттарында Дешті-Қыпшақ аумағы және Сарайшық қалашығы туралы ақпараттары анықталды. Осы орайда Османлы кезеңі қолжазбалардағы қазақ тарихы жайындағы тиісті бөліктер османлы түрікшесінен қазақшаға көшірілді және берілген мағлұматтардың сараптамалары жасалды. Зерттеу барысында екі саяхатнама мен екі шежіре, барлығы 4 қолжазба қолданылды. Бұл туындылар Сұлтан Сүлеймен дәуірінде мемлекеттің Капудан пашасы болып қызмет еткен Сейд-и Али Рейстің «Миратул Мамалик» атты саяхатнамасы, III Мұрад дәуірінде Қаржы министрлігі (Дефтердардық) қызметін атқарған Сейфи Челебидің «Түркістан мен Қиыр Шығыс» саяхатнамасы; Османлы кезінде Кефе губернаторы болған Ибн Ридванның Таварих-и Дешт-и қыпшақ және Абдулғаффар тарапынан жазылған Умдат аль-(Ағбар) атындағы шығарма. Осы қолжазбалар Алтын Орда кезеңі тарих зерттеулерінде және Дешті Қыпшақ жайында құнды мәліметтер береді.

Түйін сөздер: Дешті-Қыпшақ, Сарайшық, қолжазба, саяхатнама, Миратул Мамалик, Таварих-и Дешт-и қыпшақ, Умдат аль-(Ағбар).

Serhan Cinar*, Abdullah Gundogdu

Ankara University, Turkey, Ankara,

*e-mail: serhancinar@mail.ru

Information About Cumania “Dasht-i Qipchaq” and Saraiçik, in the works of the Ottoman Source

As per the directives of Nur Sultan Nazarbayev, the founder President of Kazakhstan, in his paper ‘The Seven Features of the Steppe,’ the Archive 2025 project was initiated, in order to gather the sources regarding Kazakhstan and Kazakh history, from the archives and libraries around the world.

In this work, within the frame of Archive 2025 project, we detected information about the Cumania “Dest-I Kıpçak”, and Saraiçik region from the Ottoman era archives, and the related parts were transcribed and explained from Ottoman Turkish to Kazakh. During the study, two travelogues and two chronicles, a sum of 4 manuscripts have been used. These works are the travelogue “*Mirāt’ul Mamālik*” by Seydi Ali Reis, who served as the Kapudan Pasha of the State during Suleiman the Magnificent era; the travelogue “*Turkestan and Far East*” by Defter Seyfi Çelebi, who assumed the Defterdar, i. e. Ministry of Finance during Murad III’s era, and *Tavāriḥ-i Dešt-i Qīpçaq* by Ibn Ridhvān, who was a governor of Feodosia during the Ottoman time, and *Umdat al-(Aḥbār)-Tavāriḥ* by Abdulghaffari.

Key words: Dasht-i Qipchaq, Saraiçik, Chronic, Travelogue, *Mirāt’ul Mamālik*, *Tavāriḥ-i Dešt-i Qīpçaq*, *Umdat al-(Aḥbār)*.

Серхан Чынар*, Абдуллах Гүндөгду

Университет Анкары, Турция, г. Анкара,

*e-mail: serhancinar@mail.ru

Информация о Дешт-и Кыпчак и Сарайчик в трудах Османского периода

В соответствии с указаниями Н.А. Назарбаева в статье «Семь граней Великой степи» был инициирован проект «Архив-2025», целью которого является сбор источников, касающихся истории Казахстана, архивов и библиотек всего мира.

В данном исследовании в рамках указанного проекта нами была обнаружена информация о Кумании «Дешт-и Кипчак» и поселения Сарайчик из архивов Османской эпохи. В связи с этим определенные соответствующие его части были расшифрованы и переведены с турецкого языка Османского периода на современный казахский язык. В ходе исследования были использованы два путевых журнала и две хроники. К этим произведениям относятся путевой дневник «Миратул Мамалик» Сейди Али Сулеймена, который являлся судоходным пашой в эпоху правления Сулеймена Великолепного; путевой дневник «Туркестан и Дальний Восток» Дефтера Сейфи Челеби, который принял на себя обязанности возглавить Дефтердар, т.е. Министерство финансов в эпоху Мурада III, также Таварих-и Дешт-и Кипчак Ибн Ридхвана, который был губернатором Феодосии и умдат Аль-(Ахбар) Таварих Абдулгаффари. Эти рукописи содержат ценную информацию об истории золотоордынского периода и о Дешт-и Кипчаке.

Ключевые слова: Дашт-и Кипчак, Сарайчик, Хроника, Путеводитель, Миратул Мамалик, Таварих-и Дешт-и Кипчак, Умдат аль- (Агбар).

Кіріспе

Сарайшық қазіргі Жайық өзенінің төменгі ағысында, батыс Қазақстан жеріндегі Атырау облысынан 50 шақырым жерде орналасқан. Қаланың құрылу тарихы XIV ғасырда Шыңғыс ханның немересі Бату кезеңінде Дешт-и Қыпшақ өңіріне жасалған жорықтар нәтижесінде Жошы Ұлысы – Алтын Орда хандығы кезеңіне сәйкес келеді. Сарайшықтың қолайлы географиялық орналасуы бойынша Ұлы жібек жолының сирек төңірегінде құрылуы, оны қысқа уақыт ішінде Алтын Орда хандығын басты ірі сауда-саттық қалаларының біріне айналдырды. Сарайшық, 1395 жылы Әмір Темір мен Тохта Ханға қарсы Дешті Қыпшаққа жасалған жорықтары кезінде шапқыншылықпен күйретілген. Қаланың қайтадан гүлдену кезеңі 1490 жылы Ноғай ордасының орталығы болуымен басталады. Қала 1513 жылы Қазақ Хандығының негізін қалаған Қасым Хан тарапынан құрылған хандықтың орталық қаласына айналған. Сарайшық кейінгі жылдары патшалық Ресейдің Қазақ жеріне кеңею мақсатымен 1580 жылы орыс казактары тарапынан қиратылып өртеп жіберілген.

Қазіргі уақытта тек Қазақ тарихы үшін ғана емес, жалпы Түркі дүниесі үшін де аса маңызды Сарайшық жайындағы тарихи төл құжаттар өкінішке орай өте аз. Қала жайында ең алғашқы және құнды деректі қалдырған жазба дерек, саяхатшы Ибн Батута тарапынан берілген. Батута Өзбек хан кезінде 1334 ж. Алтын Орда жерінен өткен кезде Үлкен (Сарай мен Берке) мен кіші Сарайжук (Сарайшық) қалалары және бұл қалалардағы діни наным сенімдер жайында мол ақпараттар береді [Ibn Battuta(translate by Aukut), 2002: 22]. Флоренциялық саудагер Франческо Балдучи 1338-1342 жылдары, Италияндық саудагерлер үшін дайындаған және Левант (Шығыс) елдеріне жасалған сауда өнімдері және

ірі сауда қалалары жайында ақпарат беретін “Pratica della Mercatura – Сауда Құқығы” атты шығармасында Сарайшықты, Азоқтан Пекинге созылатын маңызды сауда жолдарын сипаттаған кезде Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағында “Saracanco” атауымен сипаттайды және Сарайшықтан Отырарға шамамен 35-40 күнде жетететінін айғақтайды (Pegolotti F, 1766: 21). Сарайшық өңірі, 1475 жылдары Венециялық картограф Монах Фра Мауроның картасында Жайықтың Каспий маңында көрсетілген. 1558-1559 жылдары ағылшын саудагері Антоин Женкинсон Еділ, Жайық пен Каспий аумақтарына жасаған саяхаты барысында Сарайшықты Каспийдің солтүстік шығыс жағалауында, Терең өзенінің жағасында, Татар кінязі Исмаил Мырза тарапынан биленген, үлкен күмбезді, сауда саттық қала деп айқындайды. Сарайшық туралы түркі тілінде жазылған Әбілғазы Бахадур ханның «Шежере и Түркі» атындағы еңбегінде Жошы ұлысынан Тоқта, Мөңке Темірұлы және Жәнібек хандарын патшалық кезеңдерімен, осы хандар қайтыс болған соң Сарайшық қалашығында жерленгендері жайында ақпараттар берілген.

Кейінгі жылдары Жайық маңының Ресей патшалығының құрамына кірумен бірге, Сібір мен Қазақ даласын зерттеген шығыстанушылар П.И. Рычков, П.С. Паллас (Livoto O- Portugal B, 1966: 21,22), А. Левшин (Levshin, 1832: 39-75) мен А.С. Алексеевтің еңбектерінде Каспий өңірінің тарихи географиясын айқындау үшін Сарайшықпен бірге аумақтағы көне қалашықтармен олардың мәдени қабаттары жайында бірнеше сараптама мен талдаулар жасалған. Сарайшық тек қана географиялық орналасуы және тарихи маңызымен емес, шығыстанушылар тарапынан Қазақ жерін академиялық шеңбердегі ең алғаш зерттелуге басталған жер болуымен маңызын арттырады. Патшалық Ресей кезеңінде басталған осы далалық маусым зерттеулері,

кенес үкіметі кезеңінде археологиялық қазба жұмыстарына айналды. Сарайшық пен Дешті Қыпшақ өңірін көне тарихын зерттеу жұмыстары алғаш рет Н. К. Арзютов тарапынан, барлау жұмыстарымен басталды (Arzyutov, 1937: 126-134). ҚазақКСР Ғылым академиясын 1950 ж. Батыс Қазақстанда, тұңғыш Қазақ археологы Әлкей Марғұлан жетекшілігінде далалық маусым зерттеулері жүргізілді және Сарайшық, XII ғасырда еш бұлтаңсыз форматта салынған қала болуы белгіленгенімен, мұнда Жошы ұлысы мен Ноғай Орда басшыларының жерленген күмбездері табылды (А. Margulan, 1966: 10). Бұл зерттеу мен ізденістер, кеңестік археология ғылымы бойынша тұңғыш рет жарияланған Қазақ Археология картасында көрсетілген (Arheologicheskaya Karta Kazakstana, 1960, 137). Сарайшық жайында кейінгі жылдары С.П. Толстов жетекшілігіндегі Хорезм Археологиялық экспедициясы тарапынан Сарайшықтың локализация проблемасының шешіліп, қаланың өмір сүру кезеңін шартты түрде үш кезеңнен (*Моңғолға дейінгі, Алтын Орда және Ноғай дәуірі*) тұратыны айқындалды. Толстов, мұнда жүргізілген қазба жұмыстар және XI ғасырға жататын араб тіліндегі қолжазбаларындағы мәліметтер бойынша Сарайшықты, Ұлы жібек жолы төңірегінде тұтқындарға салдырылған Рибат және сауда қалашығы болған «Сақсин» деген көне Хорезмдік қаланың орнында жаңа атау берілген қала деп тұжырым жасады (Tolstov S, 1958: 811]. 1996-2000-ші жылдардың арасында қазба жұмыстарын жалғастырған Батыс Қазақстан Археологиялық экспедициясы, С.П. Толстовтың сараптамасына қарсы Сарайшық жерінде Моңғолға дейінгі қабаттардың табылмағандығы және бұл қалашықтың Алтын Орда кезеңінде салдырылғаны айғақталды (Samashev-Cinar, 2015: s. 181).

Материалдар мен әдістер

Жалпы түркі дүниесін бір шаңырақ астында біріктірген тарихтағы соңғы ел болған Алтын Орда мемлекетінің астанасы Сарайшық, географиялық тарихи маңызымен қатар шығыстану ғылымы бойынша құнды бір орны болған киелі қала. Қазақ ұлтының негізін қалаушы Алтын Орда мемлекеті және соның Қазақ жеріндегі қалған тек қана астанасы болған Сарайшықтың тарихи маңызы осы күнге дейін азайған жоқ.

Бұл мақалада Дешті Қыпшақ және Сарайшық туралы мәлімет берген Османлы қол жазбаларын анықтау және транскрипциясын жасау болып табылады. Зерттеу барысы бойынша қолданылған

бірінші түпдерек, I. Сұлтан Сүлейменнің билігі кезіндегі, Осман империясының Теңіз капитаны қызметін атқарған Османлы география және Теңізшісі, Сейди-Әли Сүлейменнің «Mir'atü'l-Memalik (Елдердің айнасы) мағынасындағы шығармасы қолданылған, Сейди-Әли Сүлеймен Суэц капитаны лауазымына тағайындалғаннан кейінгі Үндістаннан Бағдадқа қайтар жолдағы, көріп тамашалаған қалалары мен мазарларды, осы жолда кездесетін қиындықтар мен куә болған оқиғалар туралы мәліметтер береді. Бұл шығарманың Османлы тарих зерттеулеріндегі басты ерекшелігі Шағатай тілінде жазылғанымен, Османлы кезеңінде жазылған алғашқы саяхатнамасының болуы. Зерттеу барысында қолданылған екінші түпдерек Дефтерлар Сейфи Челеби тарапынан Сұлтан III. Мурадқа ұсынылған Түркістан мен Қиыр Шығыс саяхатнамасы. Хижа санауымен 990 жылында жазылған бұл еңбек моңғол дәуірінен бастап Азия тарихының қысқаша баяндалуын білдіреді. Челебидің осы шығармасының басты ерекшелігі, Түркістанның, Қиыр Шығыстың, Үндістан мен Иранның жағдайы баяндалады. Зерттеу барысы бойынша қолданылған үшінші түпдерек Абдулла Ибн Ридванның Османлы түрікшесінде жазған “*Tevārîh-i Deşt-i Kıpçak ‘an Hıtta-i Kırım veya Tevārîh-i Tatar Hânân-ı Kadîm ve Ahvâl-i Deşt-i Kıpçak*” атындағы осы теварихінде «шығармасында» Османдықтар кезінде Қаратеңіздің солтүстігінде орналасқан Қырым хандығы және Татарлардың тарихы туралы нақты мәліметтер берілген. Зерттеу барысы бойынша қолданылған төртінші түпдерек, Қырымдық Абдулгаффар тарапынан жазылған Умдет әл-Ахбар атындағы теварихнама. Бұл шығарма Жошы ұлысының пайда болуынан бастап оның таралуына дейінгі кезеңмен бірге Қырым хандығын сипаттайды.

Нәтижелер мен талдаулар

Сейди-Әли Реис «Mir'atü'l-Memalik» шығармасы

Сәди Әли Сүлейменнің отбасы Синоп қаласынан Стамбулға қоныс аударып, өзі осы жерде Галатада дүниеге келген. Әкесі Дар Ага Саадат Хас Әміре петхүтесі Хүсейин Ағдар. Оның атасы Сұлтан II (екінші). Фатих уақытында, Галата верфтерінің орынбасары. Сәди Али отбасылық үрдісті жалғастырып, жастық шағынан кемеге көмекші болып кіреді. Барбарос Хайреддин Паша бастаған кемеді қолбасшы болған. Мұрат Реис Патшалық флотпен теңіз әскерін жоғалтқаннан кейін

Үндістанның кеме капитаны болуға және Суэц каналын Басраға әкелуге Мұрат Сүлейменнің орнына Ұлы Сұлтан Сүлеймен тарапынан тағайындалды. Бұл оқиға оның өмірін түбегейлі өзгертті. Ол 1554 жылы кемеңі тез арада жөнделпайындап 5 ай бойы қолайлы теңіз маусымын күтіп әскери теңіз флотымен бірге Басрадан атанып кетті (Kafalı, 1976: 22). Сейди-Әли Реис, Басрадан Суэцке дейінгі 15 желкенді кемемен жолға шықты, Хорфакан қаласындағы 25 Португалдық флотты кездестірді. Португалия кемесімен арада қақтығыс шығып, кемелерді тас-талқан етіп жолын одан әрмен жалғастырды. 1554 жылы ол Оман еліне және Ахмедабадқа барды. Кемелер сол жерде су тасқынынан зардап шеккені үшін, қалған кемелерді сатуға және Ыстамбұлға қайтып оралуға шешім қабылдады. Осы бағыт бойынша саяхатын бастаған Сейди-Әли Реисті, алдымен Гуджарат сұлтаны Ахмет Хан қарсы алды. Кейін ол Лахорға және осы қаладан Делиге дейін келіп, Темірұлдарынан Хумаюн Шахпен біраз уақыт бірге болады. 1555 жылы Хумайун Шах қайтыс болғаннан кейін, Хорезм арқылы Дешті-Қыпшақ жерінен өтті. Сейди-Әли Реис осы бағыт бойынша, Астрахан қаласына бару үшін, Қыпшақ жерінде бір ай бойы сапар шекті. Бір айлық сапардың соңында ол Қазақ жеріндегі Сарайшық қаласына жетті. Бірақ 1556 жылы орыстар Астрахан қаласын басып алғандықтан, оралуға мәжбүр болды. Сейди-Әли Реис, Түркістанда 4 жыл бойы жалғасқан сапары бойынша, Кабул, Самарқанд, Бұхара және Мешет билеушілерімен кездесті. Ол Ирандағы Мешет губернаторы тарапынан қамауға алынып, кейін босатылды және 1-ші Шах Тахмибске жіберілді. Түрмеге қамалғаннан кейін, Анатолияға (Анадольға) баруға рұқсат берілді; Сейди-Әли Реис, 1-ші Шах Тахмибс тарапынан Сұлтан Сүлеймен Кануниге жазылған хатты алып, Қазвин (1557) арқылы Багдадқа жетті. Сейди-Әли Реис осылайша, Басрадан шыққаннан кейін 3 жыл 7 ай өткенде Османлы еліне оралды. Бұл тараушада Сейди-Әли Реистің «Mir'atü'l-Memalik» атты саяхатнамасының ішіндегі Туран аймағы және Сарайшық туралы мәліметтердің аудармасы жасалды (Kafalı M., 1965: 23).

Mir'atü'l-Memalik шығармасының «Vilayet-i Turan-ı Zeminde Maverâinnehir'de Vaki Olan Ahval-ı Beyan Eder» тараушасындағы Туран жеріндегі сан түрлі оқиғалар

Осылайша Туран елі жайлы мәселені қозғауға кезек келді. Базар-ы Нев жолымен, Чаршам

қаласына келдік. Осында Хаджи Юсуб Шерихтің қабіріне бардық. Сол жерден Чағаниянға, немесе Қисари Шатманға жеттік. Өзімнің тапсырмаларым мен Шыңғысұлдары Тимур Сұлтанмен кездестім. Сол жерден Шехр-Себез, Кеш қаласына келдік. Бұл әдемі қала Темірдің туған жері ретінде танымал (Seydi Ali Reis, 1894: 63).

Бұл қалада Хашым Сұлтанға барып, жолға шықтым, Самарқанд жолына мыңдаған қиындықпен өтіп кеттік. Самарқанд күн шығысында пайда болды. Бұл, көктегі жәннәт сияқты бір қала болды. Мұнда мен Барақ ханға барып, оған сыйлықтар ұсындым. Ол да сондай-ақ, жылқы беріп сыйлық жасады. Падишах Алемпенах Сұлтан Сүлеймен хан біраз бұрын Барақ ханға елшілерін жіберген екен (Seydi Ali Reis, 1894: 64). Бірнеше қару-жарақ пен артиллерия жібергенін білді. Барақ Хан «Невруз Ахмедхан» таққа отырудан кейін оның ағасының ұлы Абдулламиф Ханмен ауыстырылды. Амма Бельде Пир-Мухаммед Хан Барақ ханның патшалығын мойындамады (Seydi Ali Reis, 1894: 65). Пири-Мұхаммад Барақ ханның ағасының немересі болған. Осы себепті Тұран елдері толыққанды бауырластық соғыста болды. Бұл жағдайда Сұлтан Сүлейманға жіберген атысушылар, Самарқандтың Ахмед сержантының бастамасы Самарқаннан кетіп қалды. Олар Константинопольға Ташкент-Бұхара-Хорезм арқылы барды. Алайда бірнеше Османлы шенеуніктері Самарқандта қалды (Seydi Ali Reis, 1894: 66). Барақ Хан, менің жағдайым бойынша, аймақ болысымен бірге хандыққа баруды ұсынды. Мен оған Сұлтан Сүлейменнің күтіп отырғанын айттым. Шын мәнісінде, Түркістандағы Барақ ханның билігінің соңы күмән туғызды. Оның ағасы өз ұлдарын тақтан тайдыратын уақыты болды. Онымен бірге аздаған сарбаздар болды. Алайда мен Сұлтанның көмекке деген ниетін жеткізуге келістім (Seydi Ali Reis, 1894: 67).

Ахмет Яссауидің немерелерінен болған Садр-ы Алем және басқа шейхтерімен кездестім, Ханның Сұлтан Сүлейманға бағындырғаны туралы баяндамасын алдым. Осы уақытта қаланың ішінде орналасқан тарихи орындарына бардым (Seydi Ali Reis, 1894: 68).

Бір күні Барақ хан:

Барып көргендеріңіздің ішінде ең әдемі қала қайсысы? деп сұрады.

“Dil ser-î kûyin koyup etmez Behiştî arzu- Her kişîye kendi şehri yeğ gelir Bağdâd'dan”- нақты аударғанда әр адамға, өзінің жері Бағдат шаһары Ханға, оразаның бесінші күнімен қоштасқанымнан кейін бірнеше күн өткен соң,

сапарымызды жалғастырдық. (Seydi Ali Reis, 1894: 69). Осы жерден кемеге жеттік. Зарешан өзені арқылы Гаквуан (Gücdvani) қаласына келдік. Осы жердегі танымал шайх Сайид Гуюджеваның мазарына зиярат қылдық. Сапарымыз Пул-и Рыбат арқылы Бұқараға түстік, бірақ Бұқара Әмірі Сейд Бұрханмен Харезимнің сұлтаны арасында соғыс болған еді. Сондықтан баратын жолдар өте күрделі болды. Сапар кезінде, екі жағынан да, менің қарсы тарапқа көмек беруге қорыққандар. Қолында Барақ Ханның бұйрығы болса да, осы жағдайда өте қиыншылық болды. Соны көрсетіп, тек мақсатымыз Османды еліне оралу болғанын түсіндіруге тырыстым. Осы аймақтағы сапарымыздың соңғы жері болған Бұқара қаласына жеттік. Сол кезде Бұқарада Сейд Бұрханның жанында 40 шақты Османдық Янычарысы – «Әскері» болған. Бұл шапқыншылықта менің үш қызметкерім қайтыс болды. Ал мен де қайқы қанжармен жарақаттандым. Олар мені Хорезмдік деп ойлап қылышпен әрекет жасағандар. Сол кезде Сейд Бұрханның қызметінде болған екі Османдық мені көріп, бір әрекет жасап құтқарылғанмын. Сонымен қатар сол Янычарылар маған құрмет көрсетіп, мені Сейд Бұрханның жанына апарған. Сейд Бұрхан өте әдемі жас жігіт еді, мені құшақтап тұрып шын жүректен басымнан өткен күрделі жағдай үшін кешірім сұрады (Seydi Ali Reis, 1894: 70).

- Шайқас кезінде келгенсіз. Әрине жылудың жанында құрғақ та күйеді.

Сейд Бұрхан менің жанымға Шыңғыс ұлдарынан екі адамды беріп, Кемал-ы ниетпен, біздің көпірден өтуімізге рұқсат берді.

Сейд Бұрхан: бұл дүниеде және ақыретте менің атабабам бол, сізге Бұқара қаласының билігін берейін, соны құдіретті Сұлтан Сүлейманның орнына алыңыз деп ниет қылған, ал бірақ: Егерде менің қолыма барлық Мауераннехрды берсеңіз де, осы жерден қоныс аудару бізге ыңғайлы емес, бірақ сіздің тіршілігіңізді мен және Сұлтан Сүлейманға ұсынамын. Алла тағала бұйырса бұл жерлердің хандығы сізге нәсіп болсын деп, барша аман тілегімді айтамын. Бұқарада шамамен 15 күн бойы болдым. Ханның қалауы бойынша мен Шағатай тілінде жазғанмын және соны сыйлық ретінде ханға ұсындым. Сейд Бұрханның басты мақсаты ол Османлы елінен жанымызда әкелгеніміз темір мылтықтарды өзіне тартып алу еді. Бізге күшпен, Түркістанда мыстан жасалған, 40 мылтық, бір жылқы, екі бағалы кітап және басқа да сыйлықтар берілді. Сейд Бұрханның жанынан шыққаннан соң, Бұқарада шейх Хаджа Бахаддин

Накшибенде мен Әмір Исмаил Самананидің қабірлеріне зияраттар қылғанмын (Seydi Ali Reis, 1894: 71).

Milr'atü'l-Memalik шығармасының «Vilayet-i Harezim'de ve Deşt-i Kıpçak'ta Vaki Olan Ahval-ı Beyan Eder» тараушасы Хорезім уәлаяты және Дешті Қыпшақтағы орын алған оқиғалар баяны

Шәуілдің аяғына қарай Хиуадан оралдық. Бес күнде Хорезм қаласының тақ шаһары саналатын Үргенішке жеттік, бұл шаһар «Хорезм» деп те аталған. Заманында бұл топырақтарда Шыңғыс ұрпақтарынан Дос-Мұхаммед ханның салтанаты билік құрған. Ханның құзырына шыққанымда інісімен бірге қабылдады (Seydi Ali Reis, 1894:71). Нежмеддин Кубрадан бастап бірнеше кесенелерді зиарат еттім. Маңғыт мырзаларынан дәл осы уақытта әйгілі сопы Шейх Абдуллатиф бакилық болғаны туралы хат алғанда Хорезмге қайта оралдым. Дос-Мұхаммед ханның көкесі Ақтай хан мен ұлы Мұхаммед қажы Сұлтанмен де жүздестім. Екеуінің қолынан алған кітаптарым бар (Seydi Ali Reis, 1894: 72). Осы байланыс негізінде Шағатай тілінде жеті бәйіттен тұратын ғазал жаздым. Зұлқағда айының алғашқы таңы Үргеніштен қайттым. Бір айдан аса Дешті-Қыпшақты саяхаттадым. Сапар кезеңінде Маңғыт тайпалары күшті болғаны үшін өзімізді қорғау және сақтау ретінде олардың киімдерінен сатып алғанбыз. Сапар кезінде, күзгі мезгілді. Жерді қырау басқан, жолда Шам жерінен өтіп, Сарайшыққа келдік. Үш Османлымен жолығып былай деп сөйлестік.

Касаба-и-Сарайшыққа жеткенде бірнеше қажылармен Самарқандтан рұқсатпен бара жатқан Румилерінен үш нефер (Сарбаз), Үрян-и Мукаберден келіп, бізге қанда (қайда) кетесіз, Хешдер хан (Астрахан хан) Орыстар жаулап алды, ал Ахмед Чавуш муктем әдуп, біздің ағамызды Маңғыт-Мирзадан, Аслан Мирзаға бағынғандар ұрлады, ол йа мент бады, оралындар деген (Seydi Ali Reis, 1894:73).

Хазар дариясын басып өту үшін осыншама жол тауқыметін тарттым. Алайда Сарайшық арқылы Хазардан өту қауіпті екендігі жеткізілді. Орыстармен сыбайластық орнатқан Ноғайлар бұл жерді қарауылдап, қарақшыдай жолды кесіп, өтпек болғандарды өлтірген. Барақ ханның Сұлтан Сүлеймен хан хәзіретіне жіберген елші Иран арқылы Станбұлға баратынын баяндады. Бұны ести сала сол түстік жолынан бас тартып, Иран арқылы Анадолыға ат басын бұрдым. Осы мәселені бір ғазалмен жеткіздім. Қолымыздан

келер басқа шара жоқ-ты. Кейін қайта Үргенішке келіп Дос Мұхаммед ханың құзырына шықтым. (Seydi Ali Reis, 1894: 74). Қай бағытта бет алмақ ойыңыз барды? – деп сауал қойды: – Мешхеде Хорасаннан Ирак ажеми жолы арқылы Ираки – араб, яғни Бағдатқа бару (Seydi Ali Reis, 1894: 74).

Өзірге осы жерде тұрақтаңыз деді хан. Көктемге қарай Манғыт тайпасы тарап, сол түстік жолы ашылады. Орыстарда өзара жол кесе қоймас. Бұл жерден Бағдат алыстау. Көктемге дейін күткенше Иран арқылы жол тартуды жөн көрдім де, бір жылқыны жетектеп жолға шықтым. Иран жолы қауіпсіз-ді. Сол түстік Хазар дариясы жолы ашылғанымен Кафказдан өтудің өзі күрделі мәселе еді. Осы сәтте Шах пен Падишаһ Жихан хазіреттері сұлх негізінде достық қатынаста еді. Дос Мұхаммед хан қанша мәрте ескерту жасағанымен:

Шиит Түркімен басшылары сіздің Шахпен кездесуіңізге кедергі келтіреді десе де мен жаратушыға сеніп жалбарындым. Түйемен сапар шегуде едік, жолдың да тауқыметі таусылты. Ақыр соңы Үргеніштен Зилһижаның соңғы күнінде қайттық (Seydi Ali Reis, 1894: 75).

Сейді Али Реис, мамыр айының басында Ыстамбұлға оралып Эдірнедегі билеуші Кануні Сұлтан Сүлейманның алдынан шыққан. Әскери теңіз күштерінің зардап шеккеніне байланысты сұлтаннан кешірім сұрады. Өзінің сапары бойынша ол билеушілердің берген 18 маңызды рапорттарын ұсынды; Сәйди Али Реис қираған флотты басқарған кезде онымен болған оқиғалар ерекше, ол оқиғаларға кінәлі емес екендігі байқалып, осы бағытта шешім қабылданды. Сейді Али Реис ол бірінші кезекте мәртебелі ғалым болған, содан кейін Диярбакырда кітапханашы болып, ғылым жолында қызмет атқарған. Сейді Али Реис, қалған өмірін Сулеймен сұлтанның бұйрығымен ол Селим ханзадаға қызмет еткен. Гадата Хас-са кеме басшыларының бірі болды. Соңғы тапсырмасы белгісіз. Ол жылы Ыстамбұлда қайтыс болған. (Seydi Ali Reis, 1894: 23).

Бір османдық қызметкер Дефтердар Сейфи Челеби және оның «Түркістан мен Қиыр Шығыс саяхатнамасы»

Сұлтан III. Мурадқа ұсынылған бұл саяхатнама Моңғол дәуірінен бастап Азия тарихының қысқаша баяндалуын білдіреді. Челебидің осы шығармасының басты ерекшелігі, Түркістанның, Қиыр Шығыстың, Үндістан мен Иранның жағдайы баяндалады. Бұл шығарма Тарихи географияның сирек түрі болып табылады. Саяхат жазбаларында түп деректер, жазбаша және

ауызша деректер пайдаланылған. Осы еңбекте айтарлықтай дәрежеде өз кезеңінің билеушілері мен оның ізбасарларына тиесілі болып, олардың кейбіреулері туралы жалпы түсінік береді (Seyfi Celebi (Translated by Acar), 2014: 11). Челеби қайтыс болғаннан кейін шығарма географиялық негізде ұйымдастырылған және тоғыз тарауы жарық көрген. Бұл қолжазбада: *Қытай, қалмақ және Тибет префектурасы, Қашқар және қазақ өңірі Тур, Кашир-Ауганстан, Үнді сұлтандары Жалаладдин мен Элдаде, Үнді префектурасындағы Жалаледдиннің бейресми сұлтандары, Мауеранахир Өзбек сұлтандары Ахвалир, ащыбаи провинциясының Қызылбашылары және басқа да сұлтандар, Қызылбашалар, Ащым сұлтандары Қызылбашалар және Баюндыр хане Ахваллах туралы* мәліметтер ұсынылған (Matuz, 1968: 17-18).

Дефтердар Сейфи Челебидің түп нұсқа атауымен – «Кітабы Теварих-и Педишахан-и Вилаят-и Хинт және Қытай, Кәшмир және Вилаят-и Әсем, Қашқар, Қалмақ, Қытай және Саиир Падишахан-и Пенди. «Эт Сұлтан» және «Үнді Сене Хиндустан дер Заман-и Султан Мурадибн» Сұлтан Селім Хан мин Те'лифат-и Дефтердар Сейфи Челеби эль-Мерхум һижра 990 жылы» (Matuz, 1968: 51). Екі қолжазбаның ешқайсысында тақырыптар болмағандықтан, Сейфидің еңбегі автор қайтыс болғаннан кейін Лейден мәтініне қосылған “*Kitâbi Tевârih-i Pâdişâhân-ı Vilâyet-i Hindu ve Hutây ve Keşmîr ve Vilâyet-i ‘Acem ve Kâşkar ve Kâlmâk ve Çîn ve Sâ’ir Pâdişâhân-ı Pişîn ez Evlâd-ı Çengîz Hân ve Hâkân ve Fağfür ve Pâdişâhân-ı Hindûstân der Zamân-ı Sultân Murâdibn Sultân Selîm Hân min Te’lifât-ı Defterdâr Seyfi Çelebi el-Merhûm fi Sene һижра 990 târihinde*” осы түсініктеме арқылы танылды. Саяхатнаманың нұсқаларының қазіргі көшірмелердің бірі Лейден университетінің кітапханасы «№ 917/1» каталогында, ал екіншісі – Париждегі “Bibliothèque National, Supplement Turc (Париж Ұлттық кітапханасы), 1136 қорында орналасады (Matuz, 1968: 16-17).

Сейфи Челеби саяхатына байланысты академиялық шеңберде Француз зерттеушісі Джозеф Матуз осы уақытқа дейін жүргізілген ең ауқымды зерттеуді өткізді (Woodhead, 2012: 33). Матуз шығарманың екі сақталған көшірмесін, оның транскрипциясын және талдау мәтінін дайындап салыстырды (Matuz, 1968: 17). Башқұрттың танымал тарихшысы Зәки Велиди Тоған, Ислам энциклопедиясына жазған «Али Акбар» атты мақаласында (Togan, 2002: 75), және басқа ерекше еңбектерінде (Togan, 1947: 139), Дефтердар

Сейфи Челебидің, Османды сұлтаны III. Мурад кезінде Орта Азия мен Қалмақ жерінде жасаған сапары және өз қолымен жазған осы саяхатнаманы жоғары деңгейде бағалаған (Babinger 1992:75), (Matuz, 1968: 14). В. Бартольд, Күшім Хан туралы мәлімет бергенде, ол Сейфи Челебидің осы еңбегінде қолданып жиі сілтеме берген (Barthold, 1990: 314).

Дефтердар Сейфи Челебидің саяхатнамасындағы “Fasl-ı Sâni Kaşkar ve Qazak ve Tura Padişahları Ahvalidur” екінші тарауша: Қазақ және Тура сұлтандары жайындағы мәліметтер

Beyt Kıymet-i ilm râ zi dest medih

Cânib-i şer râ i,kest medih ve Kaşkar’dan beri bir tayfa var atına Kırgız(Kazak) dirler anlar dahi konargöçer taifedir. Moğol (22a) cinsidir. Çoklug kavimdir içlerinde bir padişahları yokdur. Begleri vardır beglerine Kaşka dirler ne kâfir ve ne Muselmandırlar yerleri sarb tağlardur ve yer yer derbendleri vardır. Üzerlerine bir padişah leşker çeküp varsa evlerin tağ içine çekerler ve kendüiler ol derbendlerin ağız alup tururlar kimse geçirmez ve yede idüp üzerlerine gelen leşker üstüne kar yagdurup sovuk iderler ki ol leşkerin eli ayağı tutmaz olur ve ol kar ve sovuk ardınca hamle/idüp savaşurlar düşmeni zebun (Matuz, 1968: 87).

(22a) тайпаларының құрамына кіреді. Сандары көп бірақ іштерінен бүкіл Қырғыздарға билік еткен Сұлтан табылмайды. Олар жалғыз өз мырзаларына бағынады және сол мырзаларға «Қашка» атауы беріледі. Бұл тайпа ешқандай бірде бір мұсылман емес. Олардың қоныс аударған жерлері тік жартастардың арасында орналасады, ал өздерінің дербенд деген қорғандары болады. Егер оларға кез келген бір сұлтан әскері жорыққа шығатын болса, олар киіз үйлерін тауға апарып, осы дербенттің аузын қорғаулары үшін бұл жерден ешкім өте алмайды. Жалғасында Жада қылып жауынгерлердің үстіне түскен қар олар дауыл тудырады. Осылайша жаудың әскерлері қол көтере алмайды. Олар қар мен суықтан кейін әрекет етеді, жауды қатты азапқа салады.

(22b) *iderler. Ve ademleri ölen de toprağa defin itmezler yüksek ağaçlar vardır tâbutı ile ol ağaçlara çıkarup korlar bir tâ'ife var ki iki kere yüz bin evi var. Müselmandırlar İmam-ı A'zam mezhebindedirler hânlarına Tevekkel dirler. Çengiz neslidir bunlara Kazak anuniçün dirler ki Taşkend'de ve Buhara'da padişah olan Çengiznesli çünki kânunlarıdır ki bir pâdişah ölic egiz oğlanlarının her kangısı yaşla büyük ola anı padişah iderler (Matuz, 1968: 87).*

(22b) Жауынгерлер өлгеннен кейін жерленбейді. Олардың биіктігі өте жоғары ағаштары бар. Жерлеу рәсімін осы ағаштарға табытпен алып барып, сүйектері тозғанша осы жерде қалдырады. Бұл тайпамен шекаралас болғандар Қазақ деп аталады. Бұлардың ішінде бір ру орналасады, олардың екі жүзмыңдық шатырлары бар. Бұлар мұсылман және имам Ағзам масхабына бағынғандар. Хандары Тауекел делінеді. Бұлар Шыңғыс ұрпағына кіреді. Сол үшін бұларға Қазақ деп атау беріледі, Ташкент және Бұхарада сұлтан болғандар Шыңғыс ұрпағынан тарағандар. Қазақ рулары, хан сайлау салты бойынша, бірде бір сұлтан қайтыс болса, оның ұлдарының қайсысы үлкен болса, оған бағынып хан тағына көтереді.

(23a) *ve küçüklerinin her birine bir şehir verirler. Anlar dahi birbirine kah muhti olurlar ve kah cenk iderler kangısı ki mağlup olsa ayruk vilayet içinde turamaz kaçar beriyerlere gider bu Kazka pâdişahları dahi kadimden dedeleri Buhara ve Taşkend saltanatı üzere birbiriyle cenk idüp mağlup olup ol beriyyeye kaçup orada kalmışlardır bunlara Kazak anuniçün dirler. Atları ve koyunları ve develeri çok olup evleri araba üzerinde olur ve kaftanları koyun derisinden olur renk (Matuz, 1968: 87).*

(23a) Жана сұлтанның бауырларының әрқайсысына бір қала беріледі. Бұлар бір-бірлеріне қарсы кейде мейірімді, кейде жау болады. Қайсысы жеңілсе, бір тақ астына тұрмайды. Дала аймағына қоныс тебеді. Тіпті бұл қазақ сұлтандарының кезінде үлкен аталары Бұхара мен Ташкент үшін соғысып қайтадан далаға оралғандар. Сол себептен бұл тайпаға Қазақ атауы берілген. Жылқылар, қойлар мен түйелері өте көп бай болып, ал үйлері арба үстінде болады. Және шапандары қойдың терісінен жасалып, олар

(23b) *boyarlar atlas gibi olur. Buhâra'ya getiürler satarlar atlas kaftan bahasına alurlar şöyle nazik ve makb'ul olur. Ve bir 'acâ'ib dahi bu ki yağmurlukları daji bu zikr olan deriden olur aslâ yağmur geçmez ve islanmaz zirâ ol vilayetde ba'zı otlar vardır anunla terbiye iderler. Ve Kazak t'aifesinden bir tarafına Tura vilayetidir. Yigirmi günlük yol eni uzunu vardır. Deşt-i Kıpcağın öte kenarıdır padişahlарına Küçük Han dirler. Çengiz neslidir. Müselmandır İmam-ı A'zam mezhebidir. (Matuz, 1968: 89).*

(23b) кейбір түске боялады. Бұл шапандар атлас терізді болады. Олар өз тауарларын Бұқараға апарып сол сауда тауарларын сатады. Бұл шапандардың барлығы атлас терісінен жасалады. Сол үшін жаңбыр жауса ешқашан

суланбайды. Өйткені осы аймақта кейбір шөптер болады, терілерді сол шөп арқылы жұмсақ қылынады. Қазақ тайпасының бір бөлігі Тура губерниясынан, бұл өңірге жету үшін 20 күндік жол жүру керек. Бұл аймақ Дешт-і Қыпшақтың арғы беті болады. Олардың сұлтандары Күшім хан болып, апарып Шыңғыс ұрпағынан тарағандар. Мұсылман болып, Имам Ағзам масхабына бағынғандар.

(24a) *Küçüm Han bir yere gitmiş idi. Rus kâfiri gelüp gice ile Tur'a şehri ald. Küçüm Han haberdar olucağız şehri kuşattı bir iki yıla dek kâfiri taşra çıkmazға komadı âcip idüp sonra aldı yine Tura'yu. Bu hikayet yakında oldu ammâ Rus Tura'yu aldıktan Küçüm Han'ın bir oğlun tutub Moskov'a gönderdiler. Küçüm Han vilayetinin etrafında "aca'ib t'a-ifeler vardır ve suretleri "âcip garib şekildir ve dillilerin hiç kimse anılmaz dinleri ve mezhepleri yoktur hemân hayvan misalindedirler. Ve ol* (Matuz, 1968: 89).

(24a) Күшім хан бір күні Тұра қаласынан шығып кетті. Орыс кәпірі келіп, түнде Тұраны жаулап алды. Күшім хан хабардар болған соң, ол қайтадан Тұраға оралып қаланы қоршап, ол екі жыл бойынша кәпірді сыртқа шығармады. Орыс шапқыншыларына тойтарыс беріп қаланы қайта өзіне бағындырды. Бұл оқиға жақын арада болды. Бірақ орыстар Тұраны жаулап алған кезде, Күшім ханның бір ұлын ұстап алып, оны Мәскеуге апарады. Күшім хан вилаятының (губерния) айналысында ғажайып таңқаларлық тайпалар бар. Олардың жүз пішіні бір түрлі болып, бұлардың тілін ешкім түсіне алмайды. Олардың не діндері немесе масхабтары жоқ Сунниттік сектаны қабылдаған. Османлы ғалымдары мен улемалары Орталық Азияда тұратын түрік тайпаларының мұсылмандық ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар өз секталарына сәйкес келмейтін (шиа және т.б.) өз шығармаларында негізінен мәлімдейді. Бұлардың барлығы далада жануарлар сияқты өмір сүреді. Және осы

(24b) *vilayetde yay günlüklerindeki gice gayetle kısa olur kırk gün mutassıl yatsu namazı kılmayup subh-ı sâdik olur, meşhu kıssadır ve Küçüm Han'ın ecdadı Cengiz'e dek ol vilayetde saltanat iderler ammâ Kaşkar padilâhi Abdürreşid Han'ın ecdadı Çengiz'in hur'ucundan beri Kaşkar'a hükmi derler. Çengiz'in hur'ucunu Acem şu'arası namz etmişlerdir oüli Gülagu'yu gönderüp Bağdad'da Mu'tasım halifeyi şehid etti kendüsi Horasan'dan berü gelmedi.* (Matuz, 1968: 89).

(24b) аймақта жазғы күндер өте қысқа өтеді. Шамамен 40 күн бойы құптан намаздарын оқи

алмай-ақ күн шығады, бұл әйгілі бір қысқа әңгіме. Күшім ханның аталары Шыңғыс билік еткен кезден бастап мұнда билік еткен. Бірақ Қашқар ханы Абдурресиддің аталары бойынша Шыңғыс көшіп келгеннен бастап Қашқарды басқарғандар. Шыңғыс хан өзінің ұлы Хулағунды Бағдатқа жорыққа жіберіп, Аббаси халифасы Мұхтасымды шехіт қылған. Өзі Хорасаннан асқан жоқ.

Ибн Абдуллах Бін Ридван “*Tevarih-i Deşt-i Kırçak*” шығармасында Дешт-і қыпшақ аймағы туралы жазылған мәліметтер

Абдулла Ибн Ридванның Османлы түрікшесінде жазған “*Tevārîh-i Deşt-i Kırçak 'an Hıtta-i Kırım veya Tevārîh-i Tatar Hânân-ı Kadîm ve Ahvâl-i Deşt-i Kırçak*” атындағы осы теварихінде «шығармасында» Османдықтар Қырым хандығы және Татарлардың тарихы туралы нақты мәліметтер берілген. Бұл қолжазба түп дерек іс жүзінде қысқаша (ala vecih'i- ihtisar) түбіріндегі сипаттама болып табылады. Ибн Ридван, алғашқы Қыпшақ хандарының тарихын жазған кезде, Хафиз Мұхаммед Ташкенди және Шейх Ахмед бин Омар бин Араб Шах Ансари сияқты бірқатар ежелгі тарихшылардың түп деректерін қолданған (Vabinger, 1992 : 194). Ибн Ридван бұл шығармасында Османлы сұлтаны IV Мурадтың билігіне дейін (1623-1640) Қырым тарихын, әсіресе әкесінен естіген мәліметтерімен және өз байқауларымен дайындаған. Автор Османлы әулетіне осы туынды дайындаудағы Қырымның маңызы мен орнын еске түсіру үшін жазғанын, қолжазбаның кіріспесінде, Османлы теңіз кемелерінің Реисы (капитаны) Хусейн пашаға ұсынылғаны анықталған (Ibn Ridvan, 2012:1).

Шығармада XV ғасырдың екінші жартысынан бастап, Кефе мен Менкуп бекіністерінің Осман билігінің қол астында алынғаннан кейінгі Қырым хандарының саяси тарихы баяндалады. Шығарма барысында, тиісінше Дешті-Қыпшақ пен Қырым географиясы, Қырымдағы Кемал Ата менкибеси, Дешті-Қыпшақ хандары, Гедик Ахмет паша сәйкесінше Кефе мен Менкуб қамалдарын басып алу; Менгли Гирайдың Қырым ханы болу, Осман сұлтандары тарапынан тағайындалған хандар, Ридван пашаның Кефе губернаторы болып тағайындалуы және Дешті Қыпшаққа жету; Қырым Гирей (Сахин-Гирей, Мехмед-Гирей, т. б.) арасында, Хани-бек-Гирей), Индаль-сахарадағы шайқасы; Ридван пашаның қолбасшылығында Ширван мен

Дағыстанға жасаған әскери жорығы, Қырым хандығының мемлекеттік ұйымы; Шахин Гирай мен Ацем Шахы I. Аббас арасындағы сектанттық қатынастар; Дунай өзені жағасындағы Бабадағ шайқасы; Татар-Өзи казактары арасындағы шайқастар қорытындыланады. Бұл қолжазба Париждің Ұлттық кітапханасында және Арсенал кітапханасында орналасқан. Бұл шығарманы Поляк түркітанушы Ананияз Заяцковский тарапынан «*La Chroniquet Des Steppes Kiptchak Tevarih-I Dest-i Qıpcak Du XVII E Siecle*» деген атаумен, 1966 жылы Варшавада еш индексіз басып шығарды және сыни түрде басылып, француз тіліне аударылды (Ibn Rıdvan, 2012:2-3).

Қолжазба ішіндегі «Дешті Қыпшақ аймағы және Сарайшық қалашығы» туралы аталмыш мәліметтер

23В Абдулла Ибн Ридван Дешті Қыпшақ сөзін бұрынғы саяси-географиялық сөз ретінде қолданады. Ибн Ридван осы бағытта Каспий теңізінің солтүстігі мен Қырым түбегі арасында орналасқан аумақты Дешті Қыпшақ деп анықтаған. Автор әсіресе алайда бұл аймақты географиялық және әкімшілік тұрғысында сипаттайтыны анықталынады. Ибн Ридван Алтын Орданың саяси шекарасын жақсы білсе де, ол керісінше Дешті Қыпшақ тұжырымдамасын елдің батыс бөліктері үшін ғана пайдаланды. Каспийден тыс қалған Орталық Азия далалары осы ұғымда айқындалмаған. Қолжазбада бұл аймақ, бұрын Татар ханы Шыңғыс әулетінен ШЖК арқылы татар ханына өткені жайында мәліметтер береді (Ibn Rıdvan, 2012: 43). 10b Осы таваріхте Дешті Қыпшақ атауына кең байтақ және нақты егеменді ел болған 5а кең қалалардан тұратын сұлтанат ретінде мағлұмат беріледі (Ibn Rıdvan, 2012: 29). 8a-22b Ибн Ридван Дешті Қыпшақты тарихи тұрғыда сұлтандар басқарғанын анықтайды. Алайда, мұнда Дешті Қыпшақтың сұлтандарының жерленген шаңырақтары орналасқан (Ibn Rıdvan, 2012: 27-42,43). 10b Сондықтан, мұнда Сұлтан мен Осман империясының тұрғысынан осы аймақтағы білімнің қажеттігі түсіндіріледі (Ibn Rıdvan, 2012: 29). 1a сонымен қатар мұсылмандардың қоныс аударған жері, Дешті Қыпшақтың өзені баяндалған. Бұл аймақ османдықтардың орнына Татар хандарының билігі астында болған. Қырым, Қазан, Азов, Ор, Сарайшық, Калас, Хажы Турхан, Акмесцид, Қазан және Айдаһар 2b қалалары Дешті Қыпшақтың құнды елордалары болып саналады (Ibn Rıdvan, 2012:19-22).

Ибн Ридванның таваріхі ішіндегі Татар, Дешті Қыпшақ және Алтын Орда Тарихы жайында жазылған тараушалары

Ибн Ридван осы бапта Дешті Қыпшақтың саяси шекарасын сызып, аймақтағы Сарайшық тәрізді сауда саттық қалаларды атап өтеді. Бұл сәйкесінше:

